

Жас мамандармен жұмыс жоспары 202_ - 202_ оқу жылы

Мақсаты: жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту.

Міндеттері:

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту.

Жас мамандармен жұмыс				
№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
1.	№1-отырыс. 1. 202_ - 202_ оқу жылында «Жас мамандар» мектебінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысын талдау. 2. Тәлімгер мен жас мамандар жұмысының жеке жоспарларын бекіту. 3. Жас мамандарды ұжымның қызметі және ережелерімен таныстыру. 4. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, талқылау. 5. Топтардағы құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету. 6. Жас мамандардың балалардың барлық жас ерекшеліктері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған әдістемелік кітаптар көрмелерін дайындау және ұйымдастыру. 7. Жас мамандарға сауалнама өткізу.	Отырыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Қыркүйек

2.	№2-отырыс. 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізуді үйрету. 2. Тәрбиелеу циклограммасын жоспарлау. Балалармен бір күн ішіндегі іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. 3. Шығармашыл ұстаздардың ҰІӨ-не жас мамандардың қатысуы. 4. Жас мамандар жұмыстарының қажеттіліктеріне байланысты кеңестер.	Дөңгелек үстел	Әдіскер, тәлімгерлер	Желтоқсан
3.	№3-отырыс. 1. Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге керекті көрнекілік құрал-жабдықтарды, дидактикалық материалдарды дайындауға көмектесу. 2. Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер.	Практикалық жұмыс	Әдіскер, тәлімгерлер	Наурыз
4.	№4-отырыс. 1. Портфолио жинақтау. 2. Жас мамандар апталығы (ашық есік, тәрбиелік іс-шаралар). 3. Жұмыс қорытындысын шығару. Жас мамандармен сұхбаттасу, кәсіби жетістіктерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізу.	Ашық көрсетілім	Әдіскер, тәлімгерлер	Сәуір